

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 144-146.

ӘОЖ 82-11(045)

С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ӘСЕРІ

Кузнецова Д., 1 курс студенті

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

Студенттерде адамгершілік мінез-құлық, қоғамдық қарым-қатынастардағы, тәжірибесін қалыптастыру арқылы оған негіз жасалмаса, Білімнің сенім көзі болмайтыны белгілі. Студенттердің өмір тәжірибесі мен іс-әрекеттері олардың пайда болған сенімдерінің негізінде моральдық нормаларға сәйкес болуы керек. Осы орайда А.Эйнштейннің көрнекті тұлғаның адамгершілік қасиеттері ұрпақтың қалыптасуы мен бүкіл өмір жолы үшін таза зияткерлік жетістіктерден де маңыздырақ болуы мүмкін деген тұжырымын атап өтуге болады.

Университет оқытушыларының алдында студенттерге гуманитарлық пәндер мазмұнынан студенттің рухани-адамгершілік тұлғасын қалыптастыру үшін құнды және қажетті нәрсені барынша жақсырақ шығаруға көмектесу міндеті тұр. Ұлттық әдебиеттің белгілі жазушылары мен ақындарының шығармашылық мұраларын зерделеу студенттердің назарын іс-әрекет пен шығармашылықтың субъектісі ретінде адамға қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Осы ұстанымдардан туындайтын жоғары адами мұраттар студенттерге шығарма кейіпкерлерінің ішкі әлеміне енуге және олардың идеяларын өзіндік адамгершілік сенімдерін қалыптастыру үшін пайдалануға көмектеседі. Біртуар әдебиетші, ақын Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын қабылдау үдерісінде студенттермен мінез-құлық, ойлау қабілет қалыптастыруды, басқа адамды түсінуге, оның жасампаздық күштеріне сенуге, достық қарым-қатынасқа ұмтылуға әсер ететін позитивті принциптің пайда болуын жүзеге асырады. Айта кету керек, жеке тұлғаны әдебиет пен педагогика арқылы тәрбиелеу оқу үдерісін пәнаралық байланыстар негізінде құруға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге жастардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтар мен жаңа ойлауға негізделген әлемге кең гуманистік көзқарасты қалыптастырады [1].

Сәкен Сейфуллин – қазақ халқының көрнекті перзенті, қоғам қайраткері, ақын, публицист, жазушы. Ол қашанда халықпен тығыз байланыста болып, өз ойлары мен сезімдерін білдіріп, бүгінгі күннің барлық маңызды мәселелеріне жан-жақты үн қатқан. Өзінің ол өмірлік қиындықтар мен адами қарым-қатынастарға байланысты өз заманының өзекті мәселелерін көтерді. Сәкен Сейфуллиннің өмірі — ерлік, өз халқының рухани

құндылықтары үшін қаһармандық күрестің үлгісі. Ержүрек, қайсар ерік-жігері бар, азамат соғысының белсенді қатысушысы, барлық қиыншылықтарды басынан өткерген ол қазақ халқына тарих, оқулық, көркем әдебиет болып табылатын туындылар жасады өмірге және ынта-жігерге толы, өз азаттығы үшін күреске жетелейтін туындымен шығармалар материалында С.Сейфуллин жазушының адамгершілік болмысы қалыптасуының дәуірмен тығыз байланысын көрсетуге болады. Ол өмір сүрген және жұмыс істеген және өзі жасаған туындылары бүгінгі күнге дейін өзекті екенін дәлелдеді.

Демек, сол кездегі озық идеялардың заманауи мұраттар мен ұмтылыстармен байланысын терең және жан-жақты ашу қажеттілігі туындайды. Мұнда әдебиет, тарих және қазіргі заманның байланысын байқауға болады. Студенттердің тарихи білімдері өткенді қабылдауға да, бүгінді саналы түрде түсінуге де әсер етеді. Сондықтан Сейфуллиннің шығармашылық мұрасын зерделеу, біздің ойымызша, шығармаларда көрініс тапқан тарихи оқиғаларды тереңірек түсінуге және зерттелетін тарихи құбылыстарға сәйкес эмоционалдық қатынасты білдіруге мүмкіндік береді, жанашырлықты, таңдануды, мақұлдауды оятады.

Тарихи оқиғалар мен фактілерді шығармалар арқылы зерделеу арқылы білім іздеуге, тарихи өткенді зерттеуге деген қызығушылық дамиды, болған оқиғаларды ұғыну, өмірді тереңірек түсіну үшін ұлттық әдебиеттің маңызы жүзеге асады. Сейфуллиннің шығармаларын оқу барысында жастардың патриоттық, ізгілік, рухани-мәдени құндылықтарын мақтан тұту сияқты маңызды адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жүзеге асырылады. Сонымен қатар, жазушының шығармашылығымен танысу өмірлік тәжірибе жинақтауға, ұлттық көркем мәдениеттің байлығымен танысуға мүмкіндік береді, жастардың дүниетанымы мен сенімін қалыптастырады. Сәкен Сейфуллиннің прозада, поэзияда, драматургияда, әдебиеттануда жемісті еңбегі текке кеткен жоқ. Оның жастардың білімі мен тәрбиесіне қосқан үлесі баға жетпес [2].

Ақынның шығармаларының барлығында дерлік жастарды тура жолға, адамгершілік ұғымын кеңінен дәріптеледі. Атап айтсақ, 1992 жылы жарық көрген «Асау тұлпар» жинағына енген «Арнау» өлеңінде

Дүниенің құлдық шынжырын қиратып,
Әділдің теңдік іздеген,
Тұрмыстық таршылық заңдарын бұзып,
Еркіндік , кеңдік іздеген, жастар !
Сендерге арналады бұл әндер !
Шақырындар арттағы ұйықтаған именшек,
Бақыт жолын білмейтін бауырларыңды
Дүниенің ақ жолымен жүріп,
Қосындар дауыстарыңды! - деп қазақ жастарына
үндеу жариялайды [3].

Өмірдің тек ақ жолымен жүріңдер, тұрмыстық қиыншылықтарды ысырып тастап, білім алуға, ілім жинауға ұмтылындар. Әділдік жолымен

жүріп, ұйықтап жатқан қандас бауырларыңды оятындар. Өмірдің жаңа сатысына, жаңа белестеріне қанат сермеп еркін ұшында деп жастарды жарқын болашаққа шақырады.

Ал, 1917 жылы жазылған «Кел жігіттер» өлеңінде:

Кел, жігіттер Болындар ер,

Жүйткіт орғыт тұлпарды!

Залымдықпен пен әділдіктің,

Алысқанын алайық,

Жер жүзінде бай мен кедей, [3].

Шабысқанын айтайық – деп сол заманның ащы шындығын, теңдік тақырыбын суреттей келе, келешек ұрпаққа әділ болуды, еліне адал ер болуды насихаттайды.

Сәкеннің алғашқы шығармаларында қазақ халқының сол жылдардағы хал-ақуалы, халық тағдыры суреттелген. Ол «Түс» деген өлеңінде ескі өмірді қорғансыз бақша күйінде, қазақ халқын сол бақшадағы қураған ағаштар түрінде бейнелейді. Елді болашаққа сүйрер күшті жастар бойынан танып, оларды сол бақшадағы көк шыбыққа теңейді.

Ойынды қой, інішегім, алға бас.

Жарқыраған ақ нұрменен көңілді аш.

Балалыққа жас миыңды алдатпа,

Ғылым үйрен, нұрға толсын, кеудең жас, - дейді

«Інішегіме» деген өлеңінде. Яғни, жастарды жас шыбыққа теңеп, ел болашағы сендерсіңдер, оқубілім алып, қазақ халқының көгіне күн болып шығындар деген.

Ақын бірқатар өлеңдерін жастарға үндеу ретінде, рухани тәрбие бере отырып жазған. «Тәуелсіздікке қол жеткізуіміз сендердің білімдерің мен ерікжігерлеріңе тікелей байланысты» - деп, жастарға үлкен сенім артқан.

Мысалы: "Асау тұлпар" жинағына жазған "Арнауында" Сәкен өз туындылығын қоғамның жастарына арнаған:

Тұрмыстың таршылық зынданын бұзып,

Еркіндік, теңдік іздеген, жастар!

Сендерге арналды бұл әндер!

Шақырындар арттағы ұйықтаған, именшек,

Бақыт жолын білмейтін бауырларыңды!

Осы өлеңде ақынның шығармаларының идеялық-эстетикалық мұраты айқын көрінеді.

Оның күрескер жырлары әділдік, теңдік іздеген жастарға арналды.

Сонымен, қорытып айтқанда Сәкен Сейфуллин аз ғана ғұмырында өлмейтін мол мәдени мұра қалдырды. Өз шығармалары арқылы оқырманның санасын ояты, жастарға рухани азық болатындай, ой өрісін адамгершілік, адалдық сынды құнды дүниелерге толтыруға жанын салды. Қазақ әдебиетінің барлық жанрында тамаша туындылар берген жаңашыл жазушы қаламынан туған шығармалар халық өмірінің ең бір көкейтесті тақырыптарын қопара көрсетіп жанды бейне, көркем образдар арқылы, терең идеялар айтып, жаңаша бағытты дәріптеді. Ұлттық әдебиетке төңкерістік мазмұн, жаңа

форма, асқақ идея әкелген жазушы туындылары халқымыздың рухани қазынасын қорландыра түсті.

*Ғылыми жетекшісі Мауленова .А.М.
педагогика ғылымдарының магистрі*

Әдебиеттер тізімі

- 1 Джубанышев, Н. (1969). *Сакен Сейфуллин. Очерк жизни и творчества.* Алма-Ата, 120.
- 2 Сейфуллин, С. (2004). *Шығармалар жинағы.* Алматы: Қазығұрт, 2, 392.
- 3 Aitbayeva, BM, Maulenova, AM, Akhmetzhanova, ZhB, Kenzhebekova, ZhA. Rakhimbayeva, BO. (2019). Sustainable development of educational institutions in the context of the introduction of elements of distance education in the learning process. 16(33), 404-422.